

2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 28/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 мамырда № 5825 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар көлемдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қарағанды облысы әкімдігінің 2019 жылғы 9 сәуірдегі № 21/02 "Субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5287 болып тіркелген, 2019 жылғы 22 сәуірде электрондық түрде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде, 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 43 (22447) "Индустриальная Караганда", 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 43 (22639) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

Қарағанды облысы

әкімдігінің

2020 жылғы 4 мамыры

№ 28/01

қаулысына қосымша

2020 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 09.12.2020 № 80/01 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Субсидиялар көлемдері, мың теңге					
	бірегей тұқымдар	элиталық тұқымдар	бірінші репродукция тұқымдары	екінші репродукция тұқымдары	бірінші ұрпақ будандары	бірінші ұрпақ будандарының 1 егіс бірлігіне
1	2	3	4	5	6	7
1	679,0	294 649	326 864		2 500	
Барлығы	624 692					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК